



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 маусымдағы N 770 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 17 қарашадағы N 1597

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамының қарыздарын өтеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 маусымдағы N 770 Р960770\_ қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл ретте Медетші банкі "Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамының міндеттемелері бойынша қаржылық жауапкершілікте болмайды".

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі